5. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участексінің меншік иесі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде, азаматтықтан шыққан кезден бастап үш ай ішінде меншік иесінің таңдауы бойынша жер участекі иеліктен шығарылуға тиіс немесе жер участексіне құқық он жылға дейінгі мерзімге жалдау шарттымен уақытша жер пайдалану құқығына қайта ресімделуге тиіс не жергілікті атқарушы органның келісімімен жер участекі осы участекі мемлекеттен (меншік иесінен) сатып алған баға бойынша жер участексінің бағасы төлене отырып, мемлекет меншігіне қайтарылады.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылдын:

«6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының күзетілетін аймағына тікелей іргелесіп жатқан (үш шақырымдық аймақ) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклері, егер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе, оларды делимитацияланғанға және демаркацияланғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларына ғана уақытша жер пайдалану құқығымен беріледі.»;

1 9) 2 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Жердің қандай да бір санатқа тиесілігі жерді аймақтарға бөлуге сәйкес нысаналы мақсатына және рұқсат етілген пайдаланылуына қарай айқындалады.»;

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылды: «3. Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бөлек меншігіне және жер пайдалануына:»;

4-тармақтағы «магистральды құбырларды,» деген сөздерден кейін «байланысты, жер қойнауын пайдалануды» деген сөздермен толықтырылды;

20) 32-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі «мемлекеттік емес» деген сөздер алып тасталды;

21) 33-баптың 1-тармағы алтыншы бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кепілге беру кезінде, оның ішінде кепіл беруші өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда кепіл ұстаушының кепілге салынған затты сатуы кезінде, сондай-ақ шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларының төлеміне немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беру кезінде;»;

2 2) 3 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылды:

«3. Уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) шекті мерзімдері осы Кодексте белгіленген уақытша жер пайдалану мерзімдеріне сәйкес жер участесін нысаналы пайдалану ерекшеліктері ескеріле отырып, жалдаушының өтініші негізінде белгіленеді.»

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылды:

«5. Жер пайдалану құқығында берілген жер участесін мемлекеттік меншікке қайтару жасалған жер участесін жалдау шартына немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шартына сәйкес жүзеге асырылады.»;

2 3) 4 3 - б а п т а :

9 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктің екінші сөйлеміндегі «құқық иеленуші туралы жазба енгізеді» деген сөздер «жер участесіне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтерді жер-кадастрық кітапқа және бірыңғай мемлекеттік жер тізіліміне енгізеді» деген сөздермен аустырылды;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылды:

«Жер участесіне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтерді енгізу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган беретін материалдардың негізінде жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 10-1 және 14-тармақтармен толықтырылды:

«10-1. Азаматтар мен заңды тұлғаларға осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін бұрын қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген жер участеклеріне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары Қазақстан Республикасының жер заңнамасында жер участеклеріне белгіленген құқықтардың өзгеруі ескеріле отырып, заңдық күшін сақтайды.

Мұндай құжаттарды осы Кодекске сәйкес жер участеклеріне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын қуәландыратын құжаттарға ауыстыру құқық иеленушілердің қалауы бойынша жүзеге асырылады.»;

«14. Жергілікті атқаруши органдар жер участекесін алған адамдардың тізімі бар ақпаратты тұрғындар үшін қолжетімді орындардағы арнайы ақпараттық стендерде тоқсанына кемінде бір рет орналастырып отыруға міндетті.»;

2 4) 4 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:
«10-1) аумақтық сулар алып жатқан су қоры жерлерінің құрамынан жасанды
ғимараттар салу үшін;» ;

3-тармақтың төртінші абзацы алып тасталысын;

25) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«49-бап. Мемлекет меншігіндегі жер участекерін төлеу мерзімін ұзартып сату кезінде оларға құқықтар алу

1. Мемлекет меншігіндегі жер участекесі сатып алу-сату шартын жасасу арқылы сатып алушының жазбаша өтініші бойынша он жыл мерзімге төлеу мерзімі ұзартылып сатылады .

2. Сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жер участекесі құнының кемінде бес пайзын құрайтын мөлшерде аванс төлеуге тиіс. Бұдан кейін сатып алушы жер участекесі үшін төлемді сатып алу-сату шартына қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын төлем кестесіне сәйкес ай сайын төлеп отырады. Жер участекесі үшін төлем қолма-қол есеп айырысу арқылы да, сатушының сатып алу-сату шартында көрсетілген шотына аудару арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін .

Сатып алушы өзінің міндеттемелерін толық көлемінде де, ішінара да мерзімінен бұрын өтеуге құқылы. Міндеттемелерді ішінара өтеген жағдайда төлем кестесі қайтадан бекітілуге тиіс .

3. Жер участекесі үшін ай сайынғы төлемді кешіктірген жағдайда сатып алушы сатушыға кешіктірген әрбір күн үшін жер участекесінің төленбеген сатып алу бағасының 0,1 пайзы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Егер сатып алушы жер участекесі үшін қатарынан үш ай бойы, ал ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жер участекесі үшін қатарынан екі жыл бойы төлем жасамаса, сатушы сатып алу-сату шартын бұзуға және сатылған жер участекесін қайтарып беруді талап етуге құқылы, бұған сатып алушыдан алынған төлем сомасы

жер участкесінің сатып алу бағасының жартысынан асып түскен жағдайлар қосылмайды

4. Жерді кепілге беруді қоспағанда, төлеу мерзімі ұзартылып сатылған жер участкесіне қатысты оның сатып алу бағасы толық төленгенше мәміле жасасуға тыйым салынады.

Женілдікті бағамен төлеу мерзімі ұзартылып сатылған жер участкесімен мәміле жасасу құқығына осы Кодекстің 24-бабының 3-тармағында көзделген жер участкесімен мәміле жасасуға шектеу қойылған және оның сатып алу бағасы толық төленген кезден бастап есептелеетін мерзім аяқталған соң жол беріледі.

5. Сатып алушының төлеу мерзімін ұзартып сатқан жер участкесін кепілге беруге оның сатып алу бағасының кемінде елу пайызын төлеген жағдайда жол беріледі. Бұл ретте жер участкесінің сатып алу бағасы төленген бөлігі ғана кепіл нысанасы бола алады

6. Төлеу мерзімі ұзартылып сатылған жер участкесімен мәмілелер жасасу бойынша шектеулер жер участкесін сатып алу-сату шартында және жер участкесіне арналған сәйкестендіру құжатында көрсетіледі. Жер участкесінің сатып алу бағасын төлеу туралы құжат сатып алу-сату шартындағы және жер участкесіне арналған сәйкестендіру құжатындағы осы шектеуді алып тастауға негіз болады.»;

2 6) 4 9 - 1 - б а п т а :

1-тармақтағы «, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы «, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкіміне» деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі «, органының, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі» деген сөздер «органы» деген сөзben ауыстырылсын;

27) мынадай мазмұндағы 49-2-баппен толықтырылсын:

«49-2-бап. Жерді резервте қалдыру

1. Жерді резервте қалдыру елді мекендердің дамуын қамтамасыз ету, жоспарланып отырған инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдар объектілерін, стратегиялық объектілерді, қорғаныс және қауіпсіздік, ғарыш қызметі объектілерін орналастыру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру, оның ішінде қорғаныш ағаш екпелерін егу мақсатында, жайылымдық және шабындық алқаптарды халықтың жеке ауласын ұстая және бақша өсіру жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру мақсатында пайдалану үшін, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру үшін мемлекет меншігіндегі жерлерде резервтік аумақтар құру жолымен жүзеге асырылады.

2. Аумақтарды қала құрылышы үшін жоспарлаудың белгіленген тәртіппен бекітілген кешенді схемалары, елді мекендердің бас жоспарлары, автомобиль жолдары мен темір жолдар өтуінің жобалары (схемалары), мемлекеттік бағдарламалар жерді резервте

қалдыру үшін негіздер болып табылады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жағдайларын қоспағанда, жерді резервте қалдыруды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, ал республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, елді мекендердің шекараларында - аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жиырма жылға дейінгі мерзімге жүзеге асыраады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін жерді резервте қалдыру Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

4. Жергілікті атқарушы органдардың жерді резервте қалдыру туралы шешімінде резервте қалдырудың мақсаттары мен мерзімдері, жердің жалпы алаңы мен санаты, сондай-ақ жерді пайдалануда қойылатын шектеулер көрсетілуге тиіс. Жер пайдалану немесе шектеулі нысаналы пайдалану құқығымен бұрын берілген жер участекелерін резервте қалдыру кезінде жер пайдаланушылар мен сервитут иелері көрсетіледі.

5. Осы баптың З-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген жергілікті атқарушы органдар жерді резервте қалдыру туралы шешім қабылданған кезден бастап құнтізбелік отыз күн ішінде участекелері резервте қалдырылған жердің құрамына енгізілген жер пайдаланушылар мен сервитут иелерін хабардар етуге, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялау арқылы жерді резервте қалдыру туралы ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жерді резервте қалдыру жер участекелері резервте қалдырылған жердің құрамына енгізілген жер пайдаланушылардың жер пайдалану құқығын тоқтатуға әкеп соқтырмайды.

Резервте қалдырылған жердің құрамындағы жер участекелері жердің аймақтарға бөлінуіне сәйкес олардың қандай да бір санатқа тиесілігіне және рұқсатпен пайдаланылуына қарай, уақытша объектілерді орналастыру үшін немесе құрылыш салумен байланысты емес мақсаттар үшін резервте қалдыру мерзімінен аспайтын мерзімге уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.»;

28) 50 - бапта:

2 - тармақта:

екінші бөліктегі «Жер участекелерінің» деген сөздер «Осы Кодекстің 94-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жер участекелерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Өзіндік қосалқы шаруашылықты (үй маңындағы телім) жүргізу және жеке тұрғын үй салу үшін жер участекелерін жеке меншікке тегін беру жер участекелері игерілгеннен кейін жүргізіледі. Жер участекелерін көрсетілген мақсаттар үшін игеру кезеңіне беру осы

Кодекстің 92-бабына сәйкес мұндай жер участекелерін игерудің талаптары мен мерзімдері белгілене отырып, уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығында жүргізділеді.»;

3-тармақтағы «облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) өкілді және атқарушы органдардың» деген сөздер «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өкілді және атқарушы органдарының» деген сөздермен аудастырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы «облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өкілді және атқарушы органдарының» деген сөздер «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өкілді және атқарушы органдарының» деген сөздермен аудастырылсын;

29) 64-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «жасау құқығы бар.» деген сөздер «жасау;» деген сөзben аудастырылып, тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) меншік құқығын, уақытша ұзақ мерзімге өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларының төлеміне немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беру құқығы бар.»;

30) 66 - баптың 1-тармағында:

«бір жыл» деген сөздер «үш ай» деген сөздермен аудастырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап орындалмаған жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы жер участекесін орналасқаны жер бойынша қайтару туралы талап-арыз береді.»;

31) 69 - баптың 4-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қауымдық сервитуттар, егер бұл мемлекеттің және жергілікті халықтың мұдделерін қамтамасыз ету үшін қажет болса, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдерінің шешімдері негізінде жер участекелерін алып қоймастан, олардың жер участекелерін беру жөніндегі құзыretі шегінде белгіленуі мүмкін.»;

екінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жер участекесін сервитуттар белгіленбейінше қамтамасыз ету мүмкін болмайтын немесе мөлшерлес емес шығыстарды қажет ететін коммуналдық, инженерлік, электр және басқа да желілер мен тораптарды, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілерін жүргізу мен пайдалану мақсатында пайдалану;»;

32) 71-баптың 2-тармағындағы «облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) атқарушы органдар» деген сөздер «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 79-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі «24-бабының 4-тармағында» деген сөздер «49-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 92-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«92-бап. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған жер участекесін меншік иесінен және жер пайдалануышыдан мәжбүрлеп алып қою

1. Егер ауыл шаруашылығы өндірісіне не тұрғын үй құрылышына немесе өзге де құрылышқа арналған жер участекесі екі жыл ішінде (егер Қазақстан Республикасының зандарында неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) тиісті мақсатында пайдаланылмаса, ал ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер пайдалану құқығында берілген жер участекесі алғаш рет жер участекесін мақсаты бойынша пайдаланбау анықталған кезден бастап есептелетін бесжылдық кезеңде жалпы алғанда екі жыл пайдаланылмаса, онда мұндай жер участекесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен меншік иесінен және жер пайдалануышыдан мәжбүрлеп алып қойылуға жатады. Бұл кезеңге осындай жер участекесін игеруге қажетті уақыт, сондай-ақ дүлей апattар салдарынан немесе осылайша пайдалануға мүмкіндік бермеген өзге де мән-жайларға байланысты көрсетілген участекені мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаған уақыт кірмейді.

2. Жер участекесін игерудің мерзімі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында - тиісті әкімшілік-аумактық бөліністің жергілікті атқарушы органдары немесе арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі, жер участекелерін беру жөніндегі осы Кодексте белгіленген өз құзыretі шегінде, осы аумакта жерді аймақтарға болуғе және қала құрылышы регламенттеріне сәйкес белгіленген берілетін жер участекесінің нысаналы мақсаты мен жердің құқықтық режиміне қарай айқындаиды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заннамасына сәйкес жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша, сондай-ақ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының не эскиздер (эскиздік жобалар) бойынша жүзеге асырылатын құрылыш үшін және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін берілген жер участекесін игеру кемінде екі жыл мерзімге белгіленеді.»;

35) 93-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«93-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер участкесін меншік иесінен жер пайдалануышыдан мәжбүрлеп алып қою

1. Жер участкесін немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Жер участкесін немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану жағдайына:

1) жер участкесін немесе оның бір бөлігін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбау;

2) жер участкесін немесе оның бір бөлігін ауыл шаруашылығы жерінің құнарлылығын анағұрлым азайтуға не экологиялық жағдайды едәуір нашарлатуға әкеп соғатында

пайдалану жатады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участкесі немесе оның бір бөлігі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін, осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен меншік иесінен немесе жер пайдалануышыдан мәжбүрлеп алып қойылуға жатады.

3. Төтенше және ырық бермейтін ахуал кезінде (еңсерілмейтін күш әрекеті) туындаған жағдайларды қоспағанда, осы бапта көзделген жағдайларда жер участкесінің меншік иесі немесе жер пайдалануыш залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мемлекетке өтеуге міндettі.»;

36) 94-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көрсетілген негіздер бойынша сот шешімімен жер участкесін меншік иесінен немесе жер пайдалануышыдан мәжбүрлеп алып қойған жағдайда жер участкесіне меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы (мемлекеттен сатып алынған жер участкесіне жалдау құқықтарына қатысты) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу және атқарушылық заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сатылады.

Өтеусіз негізде берілген жер участкесін осы Кодекстің 92-бабында көрсетілген негіздер бойынша сот шешімімен меншік иесінен мәжбүрлеп алып қойған жағдайда, осы жер участкесі жер участкесінің меншік иесіне жер участкесінің құнын өтеместен одан әрі қайта бөлу үшін арнаулы жер қорының есебіне жатқызылады. Бұл ретте мұндай меншік иесінің (алып қойылған жер участкесі осы Кодекстің 9-бабының 3-тармағы 2) тармақшасының негізінде берілген жағдайда) осы мақсаттар үшін жер участкесін қайтадан өтеусіз негізде алу құқығы сақталады.

Сатудан түскен сома жер участкесін мәжбүрлеп алып қою шығыстары шегеріле отырып, жер участкесінің бұрынғы меншік иесіне немесе жер пайдалануышыға төленеді.

Бір жыл ішінде кемінде үш рет сауда-саттық (конкурстар, аукциондар) жүргізілгеннен кейін ондай жер участекесін немесе оған жер пайдалану құқығын сату мүмкін болмаған жағдайда жер участекесі сот шешімімен арнаулы жер қорының есебіне жатқызылады.»;

3 7) 9 7 - б а п т а :

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «3) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға он жылға дейінгі мерзімге жалдау шарттарымен уақытша жер пайдалануға беріледі.»;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі «жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық» деген сөздер алып тасталсын;

38) 98-баптың 10-тармағындағы «Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық» деген сөздер «Орталық» деген сөзben ауыстырылсын;

39) 101-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде:

«шыққан кезде» деген сөздерден кейін «қатысуышылардың (мүшелердің) жалпы жиналысының шешімі бойынша» деген сөздермен толықтырылсын; «өз қалауы бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

40) 107-баптың 3-тармағының 8) тармақшасындағы «инженерлік жүйелер)» деген сөздер «инженерлік жүйелер, сондай-ақ жылу желілерінің күзет аймактары мен ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер)» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 1) 1 0 9 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігіндегі «мындан асатын» деген сөздер «мынға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнамалық актіге сәйкес Қазақстан Республикасының астанасы» деген сөздер «Алматы қаласының ерекше мәртебесі және Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнамалық актілерге сәйкес республикалық маңызы бар қала, астана» деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 110-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «Республикалық маңызы бар қаланың», «республикалық маңызы бар қаланың», деген сөздер тиісінше «Республикалық маңызы бар қалалардың», «республикалық маңызы бар қалалардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 113-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдарында» деген сөздер «косы Кодексте» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 122-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген участекелерді ғана, мемлекеттік бағдарламаларда көзделген туризм объектілерінің, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы ғимараттарының құрылышы және жұмыс істеуі, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасының объектілерін салу, оларды жайластыру және күтіп-ұсташа үшін ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен босалқы жерге ауыстыру жағдайларын қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ауыстыруға жол берілмейді.»;

45) 123-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «облыстардың (республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдарының» деген сөздер «облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 6) 1 2 4 - б а п т а :

тақырыптағы «және оны резервте қалдыру» деген сөздер алып тасталсын; мәтіндегі «және жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін резервте қалдыру Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарына» деген сөздер «Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 135-баптағы «су ресурстарын басқарудың уәкілетті органымен» деген сөздер «су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 145-баптың 1-тармағындағы «жер ресурстарын пайдалану жөніндегі» деген сөздер алып тасталсын;

4 9) 1 4 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м ағ ы н д а :

екінші бөліктегі «Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық» деген сөздер «Орталық» деген сөзben ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдарының басшылары» деген сөздер «Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың басшылары және олардың орынбасарлары» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын орталық уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының өзге де лауазымды адамдары жер пайдалану және оны қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.»;

50) 148-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында:

«өтеу туралы істер бойынша» деген сөздер «өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланылмай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер участкерін мәжбүрлеп алып қою туралы,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«күшін жою мәселелері бойынша» деген сөздер «күшін жою туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«орындау туралы істер бойынша» деген сөздер «орындау туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«сотқа жүгінуге» деген сөздер «сотқа талап-арыз дайындауға және беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 149-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) аумақтың жер-шаруашылық орналастыру, бұлғын жерді жаңғырту мен жаңа жерді игеру жобаларын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да жобаларды әзірлеуді, келісуді, бекітуді және беруді;»;

52) 150-баптың 3-тармағындағы, 156-баптың 3-тармағындағы және 161-баптың 1-тармағындағы «жер ресурстарын басқару жөніндегі» деген сөздер алып тасталсын;

53) 164-1-баптың 2-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жер участкесін заңсыз иеленушінің жеке басын (деректерін) анықтау мүмкін болмаған жағдайда, аумағында осындағы жер участкесі анықталған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органы иесі жоқ жылжымайтын зат ретінде есепке қою үшін жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өтініш жібереді.

Иесі жоқ жылжымайтын зат есепке қойылған күннен бастап бір жыл өткен соң аумағында жер участкесі анықталған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың атқарушы органы осы затты мемлекет меншігіне түскен деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді.»;

54) 21-тараудың тақырыбындағы «және өтпелі» деген сөздер алып тасталсын;

55) 170-бап алып тасталсын.

2. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 14, 200-құжат; № 22, 308-құжат; № 24, 443-құжат; 2001 ж., № 13-14, 173, 176-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 14, 84-құжат; № 23, 142-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

4-бап мынадай мазмұндағы 4-4) және 4-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-4) ақылы автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды) ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-5) ақылы автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды) ұйымдастырады;».

3. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 7-баптың 6-1) тармақшасы «уәкілетті органның» деген сөздердің алдынан және 8-баптың 4) тармақшасы «республикалық маңызы бар» деген сөздердің алдынан «осы

Заңның 23-бабының 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 23-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген участкерлерді ғана, мемлекеттік бағдарламаларда көзделген туризм объектілерінің, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы ғимараттарының құрылышы және жұмыс істеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының объектілерін салу, оларды жайластыру және қүтіп-ұстай үшін ықтимал орналастырудың басқа жолдары болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен босалқы жерге аудистыру жағдайларын қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін аудистыруға жол берілмейді.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК